ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қысқаша)

2025 жылғы 11 желтоқсан №7119-25-00-2/13986 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «IskerSnab» атынан Болатбеков Азамат Болатбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Тараптар арасында 2025 жылғы 7 қазанда «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 15435265-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

Шарттың жалпы сомасы Шартқа №1 қосымшада айқындалған және 1 177 344 (бір миллион жүз жетпіс жеті мың үш жүз қырық төрт) теңгені құрайды. Аталған сома қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген салықтар мен

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 19.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 20.02.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 02.03.2026
7119-25-3-1/14117

алымдарды, оның ішінде 126 144 (жүз жиырма алты мың жүз қырық төрт) теңге ҚҚС-ты қамтиды.

Шартқа №1 қосымшаға сәйкес қызметтер 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қазан, қараша, желтоқсан айлары) 2 ыстық су қазандығы бар автономды қазандыққа техникалық қызмет көрсету түрінде орындалуы тиіс болатын.

Шарттың орындалу орны Астана қаласы, ал жауапкер Қызылорда қаласында тұрады.

Алайда, аталған қазандыққа техникалық қызмет көрсетудің соңғы күні 31.10.2025 болып саналады. Осыған байланысты 04.11.2025 жылы Талапкер Жауапкерге мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы 15.11.2025 жылға дейін мерзім беру туралы хабарлама жолдады.

Соған қарамастан, 17.11.2025 жылғы жағдай бойынша жоғары қысымды аппаратты жеткізу орындалмаған, кешіктіру мерзімі 17 (он жеті) күнтізбелік күнді құрады. Осы себепті Талапкер 04.11.2025 жылы біржақты тәртіппен Шартты бұзу туралы хабарлама жіберді.

2025 жылғы 04 желтоқсанда Шарт біржақты бұзылды.

Шарттың 7-тармағының 7.3) тармақшасында Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Қазіргі таңда орындау мерзімі 35 (отыз бес) күнтізбелік күнге кешіктірілді. Осыған байланысты тұрақсыздық айыбы 41 230 тг құрайды (1 177 344 x 0,1% = 1 178), (1 178*35 = 41 230).

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын ішінара қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 19.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 20.02.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 02.03.2026
7119-25-3-1/14117

Талап коюшы Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «IskerSnab» атынан Болатбеков Азамат Болатбекұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «IskerSnab» атынан Болатбеков Азамат Болатбекұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «IskerSnab» атынан Болатбеков Азамат Болатбекұлынан Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 41 230 (қырық бір мың екі жүз отыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 1 237 (бір мың екі жүз отыз жеті) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «IskerSnab» атынан Болатбеков Азамат Болатбекұлынан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья

Ж.Ж.Нұрғалиева

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 19.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 02.03.2026

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕШ» - Судопроизводство -